

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 125 қаулысы. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 қыркүйекте № 9-9-136 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 03.02.2016 № 18 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жангелдин ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) мүгедектерді квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша ш а р а л а р қ а б ы л д а н с ы н ;

2) мүгедектерді квота есебінен жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізсін .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. А у б а к и р о в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Н.Төлепов

КЕЛІСІЛДІ:

"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

Л. Зейнекина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК